

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

М.ӨТЕМІСОВ АТЫНДАҒЫ
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН
МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІ



ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКИЙ
ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ
ИМ. М. УТЕМИСОВА



Ғылыми журнал

БҚМУ ХАБАРШЫСЫ ВЕСТНИК ЗКГУ

Научный журнал

Педагогика

Филология

Тарих

Биология және экология

География

2019/
2

<http://wksu.kz>

– қырық – молшылықтың символы (отыз күн ойын, қырық күн тойын өткізу);

– қырық – қасиетті жас (жігіттің жетілу, кемелдену кезеңі).

Сонымен, ел аузындағы қырыққа қатысты сөз орамдары халықтың мифологиялық санасында киелі қасиетке ие ерекше сан түрінде қалыптасқандығын байқатады.

Әдебиеттер:

1. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 4-том. – Алматы: DPS, 2011. – 344 б.
2. Лингвистика и аксиология: этносемиотика ценностных смыслов: коллективная монография. – М.: ТЕЗАУРУС, 2011. – 352 с.
3. Басаранович Е. Аксиология и лингвоаксиология в современном гуманитарном научном дискурсе (на примере исследования концепта «человек» в русской и китайской культурах) // Евразийский союз ученых. – <https://euroasia-science.ru/filosofskie-nauki/%D0%B0%D0%BA%D1%81%D0%B8%D0%BE%D0%BB%D0%BE%D0%B3%D0%B8%D1%8F-%D0%B8-%D0%BB%D0%B8%D0%BD%D0%B3%D0%B2%D0%BE%D0%B0%D0%BA%D1%81%D0%B8%D0%BE%D0%BB%D0%BE%D0%B3%D0%B8%D1%8F-%D0%B2-%D1%81%D0%BE%D0%B2%D1%80/> Дата обращения: 27.04.2017 г.
4. Словарь философских терминов / Науч. ред. В.Г. Кузнецов. – М.: ИНФА-М, 2007. – 731 с.
5. Кирьякова А. В. Теория ценностей — методологический базис аксиологии образования // Аксиология и инноватика образования. – 2010. – №1. – С. 2-32.
6. Ивин А.А. Аксиология. Научное издание. – М.: Высшая школа, 2006. – 390 с.
7. Дронова Л.П., Ермоленкина Л.И., Катунин Д.А. Картины русского мира: аксиология в языке и тексте: сб. монографий / Под ред. З.И. Резановой. – Томск: Издательство Томского университета, 2005. – 353 с.
8. Гураль С.К. Язык как процесс и как саморазвивающаяся система // Вестник Томского государственного университета. – 2007. – №298. – С. 32-35.
9. Гураль С.К. Мировоззрение, картина мира, язык: лингвистический аспект соотношения // Язык и культура. – 2008. – №4. – С. 14-21.
10. Алефиренко Н.Ф. Лингвокультурология. Ценностно-смысловое пространство языка: учебное пособие. – М.: Флинта, 2010. – 288 с.
11. Штумпф С.П. Духовность. Аксиологическая направленность и социокультурная природа феномена: монография. – Красноярск.: Красноярский гос. пед. ун-т им. В.П. Астафьева, 2013. – 256 с.
12. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1977. – 711 б.
13. Мұңлық-Зарлық. – Алматы, 1967. – 225 б.

Курмамбаева Ж.Б.

ЛИНГВОКСИОЛОГИЧЕСКОЕ ЗНАЧЕНИЕ КОНЦЕПТА «СОРОК»

В статье рассматривается лингво-культурный концепт «сорок», представляющий ценность для выявления особенностей мироведения языкового коллектива, описываются подходы и классификации концепта как

инструмента формирования и интерпретации языкового менталитета. Центром концепта всегда является ценность, поскольку концепт служит исследованию культуры, а в основе культуры лежит именно ценностный принцип. Концепт, по Ю.Степанову – это как бы сгусток культуры в сознании человека; то, в виде чего культура входит в ментальный мир человека. Ведущая роль ценностного компонента в формировании концепта используется в настоящей статье приоритеты казахской культуры на национальной шкале. Число «40» давало полную картину миру казахского народа.

Ключевые слова: Концепт, сознание, лингвоаксиологическое изучение, когнитивная изучение, менталитет, ценностный принцип, ценностный компонент, картина мира.

Kurmambaeva Zh.B.

LINGUISTIC VALUE OF THE CONCEPT OF "FORTY"

Any concept carries people's value as the value is the core of concept. Through concept we study people's culture and its background. According to U.Stepanov "the most valuable culture of each nation operates in people's mind set for it represents the mentality of people. The article gives a conceptual analysis of valuable culture with the numeral "40" in the cognitive and linguacultural aspect. Number 40 gives a full picture of Kazakh people's world.

Keywords: Concept, mind, mind set, linguacultural study, cognitive study, mentality, valuable component, people's value, people's picture of the world.

ӨОЖ 39:821.512.122

Джумабекова А.А. – филология магистрі, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық техникалық университеті
E-mail: vip.ainagul1986@mail.ru

Х.ЕСЕНЖАНОВТЫҢ «АҚ ЖАЙЫҚ» ТРИЛОГИЯСЫ ЛЕКСИКАСЫНЫҢ ЭТНОМӘДЕНИ БІРЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Мақалада «Ақ Жайық» трилогиясының қазақ әдебиетіндегі орны туралы айтылып, оны этномәдени тұрғыдан зерттеу қажеттілігі жайлы ғалымдар еңбектерімен орайластыра зерделенеді. Рухани мәдениет пен заттық мәдениетті өзара байланыстырып, мысалдар келтірілген. Туыстық атаулар, киім-кешек атауларының, әдет-ғұрыптардың ұлттық сипатын айқын ашып, этнолингвистикалық талдау жүргізіледі.

Тірек сөздер: трилогия, әдет-ғұрып, этномәдениет, этнографиялық ұғым, рухани мәдениет, материалдық құндылықтар.

Қай ұлттың да өзіндік мәдени ескіліктері қашанда алдымен оның тілінде таңбаланады. Сондықтан әрбір халықтың интеллектуалды ерекшелігін оның өз тіл құрылымынан іздеу керек. Алайда бұл ерекшелік оның талай заманғы этномәдени даму процесінде біртіндеп, ұзақ қалыптасатыны белгілі.

«Ақ Жайық» трилогиясында халқымыздың қоғамдық және тұрмыстық, сондай-ақ түрлі салттық ерекшеліктері өзінің тиісті тілдік көрінісін тапқан.

Академик Ә.Қайдаров тілдің осы шежірелік қыры, танымдық қызметі туралы былай деп жазады: «Этностың (бүгінгі ұлыстың, халықтың не ұлттың) тілінде оның басып өткен бүкіл ұзақ өмірінің өрнегі жатыр...» Халықтың, яғни этностың шын мәніндегі болмысы мен дүниетанымы оның тек тілінде ғана сақталады. Әртүрлі заттың, құбылыстың аты-жөні, сыр-сипаты, қоғамдық қатынастар, әдет-ғұрып, салт-сана мен дәстүрлер жайлы мағлұматтардың бәрі де кейінгі буындарға тек тіл фактілері арқылы ғана, яғни тілдегі сөздер мен сөз тіркестері, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер, аңыз-ертегілер арқылы ғана келіп жетуі мүмкін [1, 18 б.]. Алайда осы этностық ерекшеліктердің тілдік көріністерін зерттеудің өзіндік ерекшеліктері бар. Оларды әдетте этнолингвистика тұрғысынан алып зерттеген ұтымды. Өйткені тіл білімінің бұл саласы лингвистикамен, этнографиямен, фольклористикамен, мәдениеттанумен және әлеуметтанумен ұштасып жатқан, көп жағдайда солардың жетістіктері мен зерттеу материалдарына сүйенетін және кешенді әдістерді кеңінен пайдаланатын дербес білім саласы, шекаралық кешенді ғылым [2, 404 б.]. Ол өзінің осы табиғатына сәйкес тек бір тілдің емес, қажетіне қарай бірнеше туыс тілдің (кейде тіпті өзге жүйелі тілдің де) деректеріне сүйенеді.

«Ақ Жайық» романы – жердің, елдің тарихи оқиғалардың, халық тағдыры үшін күрескен саналы азаматтардың әдеби образы [3, 18 б.]. Автор отарлық езгіден қиналған халықтың бостандығы мен бақыты үшін күрескен ерлердің жиынтық бейнелерін (Хәкім, Әлібек, Әділбек, Шолпан, Нұрым т.б.) жасаумен қатар нақты тарихи тұлғалардың (Дмитриев, Әйтиев, Қаратаев, Белан т.б) өмір жолын шебер суреттеді. Халық тарихының бір қиын-қыстау кезеңдерін автор шеберлікпен, асқан шыдамдылықпен хикая еткен. Қат-қабат оқиғалар мен сан алуан тағдылар ескі мен жаңаның бітіспес айқасы, ту даладағы ғаламат шайқастар жазушы шеберлігінің арқасында құлашы кең эпикалық суреттерге айналған. Жазушы өмірді козғалыс, өсу үстінде, тарихи шындыққа тән бейнелеу ниетінен ауытқымауға ұмтылды. Тарихи күрес дәуірінің қилы-қилы кезеңдері мен сұрапыл шайқастарын жанды да шындық қалпында суреттеу ниетімен жазушы романда әртүрлі көзқарас пен сенімнің, мінез бен әрекеттің, іс пен сөздің адамдарын күрес сапына тартқан.

Ата-бабамыз қалыптастырған заттық және рухани мәдениеттің бір бөлігі уақыттың тезіне шыдап, келесі ұрпаққа өте бағалы және асыл мұра ретінде қалды. Бұл орайда, Р.Ахметьянов: «Чуваштар мен татарлардың эпосы мен мұралары өзара байланысы жоқ және тілдік материалдарды аз береді екен. Себебі, чуваштар да, сол сияқты татарлар да өзінің ұлттық эпосын иеленбегенін өкінішпен еске алады. Бұл дегеніміз, түріктердің эпикалық поэмалары рулық-тайпалық бөлініспен байланысты болған. Ал, тайпалық одақ татарлар мен чуваштарда өзінің құны XIV-XV ғасырларда-ақ жойған екен. Рулық-тайпалық құрылымының бұзылуымен бірге о дүниеге рулық дәстүр болып саналған ата-бабаның ерлігін жырлайтындар да кетіпті. Қыпшақ эпосы тек қана көрші татарларда, ноғайларда, башқұрт пен қазақтарда ғана сақталыпты. Сібір татарларында «Едіге» жыры сақталса, жалпы түркілік эпос «Алпамыс» татар мен чуваштарда қысқа ғана қарасөз үлгі сымағы ғана табылады» - дейді. Р.З. Ахметьяновтың бұл сөзі әр қазақты ойландыруы керек сияқты. Бұндай мәдениет – «мәдени мұра» деп аталады. «Мұрагерлік» - ұлтты біріктіретін өте маңызды фактор. Ол – елді қиын жағдайда ұйымдастырады. «Мәдениет» бұл – атап өткендей аса күрделі, көп

деңгейлі жүйе. «Мәдениетті» тасушысына байланысты бөлу дәстүрге айналған. Осы тәуелділікке байланысты мәдениет «әлемдік» және «ұлттық» болып бөлінеді. «Әлемдік мәдениет» - бұл біздің жер шарды мекендеген барлық әр түрлі халықтардың ұлттық мәдениетінің ең жақсы жетістіктері. «Ұлттық мәдениет» өз кезегінде әр түрлі мәдени кластың синтезі ретінде, қоғамдағы белгілі бір әлеуметтік қабаттың және топтың мүддесінен шығады. Ұлттық мәдениеттің әр түрлілігі оның қайталанбауы және жасампаздығы руханилығынан (тіл, әдебиеті, музыкасы, майлы бояу, діни), сол сияқты заттық мәдениетінен (экономикалық ерекшелік жағдайы, шаруашылықпен айналысу, еңбек дәстүрі және өндіріс) шығармашылық пен тіршілік сферасында т.б. көрінеді. Қоғамның көптеген мүшелері мәдениетінің құндылығын, сенімді, салт-дәстүрді басшылыққа алады. Қоғам бірнеше топқа (ұлттық, демографиялық, әлеуметтік, кәсіби т.б.) бөлінеді және әрқайсысында өзіндік мәдениет қалыптасады. «Рухани мәдениет» - адамдардың талғамына байланысты дамыды. Ол өзінің құрамдас бөлігі ретінде эстетика мен этика нормаларын қабылдауға мәжбүр болды. «Эстетика» (грек. ощущение) – өнер туралы философиялық оқу. «Этика» (грек. адамгершілік, дәстүр қағидасы, мінез нормасы) – адамдардың бір-біріне деген қарым-қатынасы жоғарғы мәдениеттілік келбеті [4, 323-324 б.]. «Салт-дәстүр» – адамзаттың рухани көне құбылыстарының бірі. Әдет-ғұрып аса қарапайым мінез-құлықтардың бүтіндей, үйреншікті өмір салтының үлгілерінің негізінде қалыптасады. Олар қоғамда белгілі бір уақытта, орында, белгілі бір оқиға, жағдайға байланысты қолданылып жатады [5, 63 б.].

Халықтың ерте кездегі әдет-ғұрып, тұрмысы жайындағы этнографиялық ұғымдардың атаулары тарихи сөздіктер мен тарихи шығармаларды сақталып, олар жайында мағлұмат береді. Этнографтар халықтың замандар бойындағы тұрмыс салт, әдет-ғұрыпына байланысты жайлар мен халық жасаған материалды байлық, рухани мәдениетке қатысты жайларды зерттегенде, тіл фактілеріне соқпай өте алмайды. Өйткені тіл – солардың бәрін ұзақ замандардың бойында ұрпақтан ұрпаққа жеткізген және сақтап қалған құралдардың бірі.

Трилогиядағы *көңіл айту; жұбату; қолқа салу; садақа беру; той; ашамайға отырғызу; қырқынан шығару; бесікке бөлеу; ас беру; бәйгеге ат қосу; жамбы ату; белдесіп күресу; қалың мал беру; құда түсу; ұзату тойы* т.б. тәрізді этномәдени бірліктер заттық мәдениетке тікелей байланысты халықтың рухани мәдениетінен мағлұмат береді. Енді солардың бірнешеуіне тоқталып өтсек:

Көңіл айту. – *Тояш шырағым, Бақы ағаң дүние салыпты, тәңір иманын жолдас қылсын. Жалғыз сенің ағайының емес, бәрімізге жақын, ақкөңіл адам еді. Басқа не айтамыз, - деп екі-үш шал қосарлана сөйлеп көңіл айтысты* [6, 174 б.] Қазақтың ертедегі салты бойынша, түзде өлген адамды отбасы мүшелеріне жақын туыстарына естіртуші адам айтатын сөзін, естірткелі отырған уақиғаны тұспалдап, жұмбақтап, ишаратпен, өлеңмен кейде әртүрлі салыстырулармен хабарлаған. Кейде ауыр қазаны күймен де естірту дәстүрі болған. *Ол Тояш сияқты Шүйкеге көңіл де айта алмады, зорлаган әйелдерді жұбатуға да кірісе алмады.* Жұбату өлең, тақпақ, жыр түрінде айтылған. Шешендік сөз арқылы көңіл айту басы қаралы, жүрегі жаралы жандарды жақсы лебіз, жанашырлық сөзбен ойын ширатып, көзінің жасын тияды, бойына қайрат береді, қайғысын сейілтуге тырысады. Қаза ортақ, қайғы

кезек, өлім хақ екенін ескертіп, жұбатады, өткенге өкінгенше тірінің тілеуін тіле дейді. трилогияда ер азаматтың ақкөңілділігін, ерлігін адамгершілігі сияқты қасиеттері туралы айтылады. Оны балаларына өнеге ету мақсатында тәрбиелік мәні зор.

Шілдеhana. Бұл да нәресте. Бұл да шілдеhana тойындай шаттықпен бас қосады. Бұл да қырқынан шығып, бесікке бөліп әлдилеуді керексімеді, қаз тұрып аяқ басқанша күні-түні мәпелеуді тілейді [6, 133 б.] Бала қаз тұрып, тәй-тәй басып жүре бастаған кезде жасалатын салт-дәстүр. Әдетте баланың туғанына 12-14 ай толғанда жасалады. Қазақ баласын ағаш бесікке салып асырайды. Бесік иіп кептірілген талдан жасалады.

Құда түсу. Маған солардың ақымақ болғаны керек еді, ақсақал. Сен қайта-қайта ақылды дейсің, құда түсетін адамиша, тегі [6, 343 б.] Қазақ халқы қоғамдық қарым-қатынастарды әдет-ғұрып бойынша реттеп, өздерінің достығын қыз алысып, қыз берісіп, құда болуы арқылы нығайтып келген. Қазақта жеті атаға дейін қыз алыспау дәстүрі, яғни медициналық қан тазарту заңы қатаң сақталған. Х.Есенжанов *құда түсу* деген тіркесті ауыспалы мағынада қолданған.

Қалың мал беру. Екеуімізге қатынды ана Хакім Жүнісіп алып бермейді. Өйткені оның ұғымынша бұл өткен заманның салты: қалың мал беру, құда түсу, келіншекті көру, ұзатып әкелу, жиһазын түгендеу... осы сияқты толып жатқан ескі салт коммунистке лайық емес деседі. Қалың мал төлеу кейбір зерттеушілердің түсіндіріп, жүргеніндей, қызды сатып алу үшін берілетін құн емес, керісінше, қалыңдықтың жасауына, сәукелесіне, той малына, кәделі алыс-берістерге жұмсалатын қаражат көлеміне сай төленетін төлем. Дәстүрлі қалыңмал мынадай бөлімдерден тұрады: бес жасы, ілу, өлітірі, той малы, сүт ақы, жігіт түйе.

Отбасылық тұрмыспен тікелей байланысты туыстық қарам-қатынас пен туыстық атаулар да этномәдени танымдық тұрғыда қызығушылық туғызады.

Туыстық атаулар мен туыстық қатынастар И.Т. Андреев, С.Б. Броневский, Н.И. Гродеков, Ы.Алтынстрин, Ш.Уәлиханов, І.Кеңесбаев, Х.Арғынбаев, Л.Жолдасбек, С.Омарбеков, О.Нақысбеков, Ш.Сарыбаев, М.Сарыбаева т.б. еңбектерінде зерттелген.

«Туыстық атаулар – ұлттық қоғамдық қарым-қатынастың дәрежесін анықтайтын, мұрагерлікті, әдептілікті белгілейтін тарихи категория».

«Ақ Жайық» трилогиясында *туыстық атаулар, қоғамдағы рулық жүйе, тұрмыс құруға байланысты түрлі әдет-ғұрыптар, мұрагерлік* т.б. туыстыққа байланысты этномәдени бірліктерді көптеп кездестіруге болады.

Өз жұртына байланысты *әке-шеше; немере; жиен; аға; ана; келін; қыз; бала* т.б. атаулар қолданылса, *қайын жұртына* байланысты *ата-ене; жеңеше; абысын; қайнаға; келіншек* т.б. тәрізді туыстық атаулар кездеседі.

Құда; құдағи; құда-жекжат т.б. *құдалық қатынасты* білдіретін этномәдени бірліктер.

Рухани мәдениеттің алғы шарттары ауыз әдебиетінен де табылып жатады. Біз Х.Есенжановтың «Ақ Жайық» трилогиясынан алынған қазақтың этномәдени тұрмысына жақын лексикаға талдау жасайтын боламыз.

Қоғамдық материалдық құндылықтар (киім-кешек, құрал-жабдықтар т.б.) мәдениетке жатады. Ал олардың атауы тілге де, мәдениетке де ортақ. Трилогияда кездесетін заттық мәдениет атауларының көбі жалпы адамзатқа

тән. Бірақ оларға көзқарас білдіріп, баға беруде ұлттық ерекшеліктерді байқаймыз.

Заттық мәдениет лексикасы О.Нақысбеков, А.Айғабылов, Р.Ахметьянов, Ж.Манкеева т.б. ғаламдардың еңбектерінде арнайы зерттелген.

Заттық мәдениет лексикасы ұлт тарихы мен өркениетінен мағлұмат беретін ерекше қабат болып саналады, яғни заттақ мәдениет өнімдері рухани мәдениеттің де көрінісі бола алады.

Бұл жайлы Р.Ахметьянов: «Материалдық мәдениет атаулары адам қызметінің басты материалды игілікті өндіру жағын белгілейді, яғни тамақ. Киім, баспана т.б. оларды талдау халықтың тарихын оқу үшін аса маңызды көңіл аударарлық жай болып саналады», - деген пікір айтса, Ж.Манкеева: «Заттық мәдениет лексикасы – ұлттық рух пен талғам негізінде, ұлттық тұрмыс пен шаруашылық ерекшеліктеріне сай технологиялық процесс нәтижесінде, өз мәні мен атқаратын қызметіне сай сөз тудырушы модельдер арқылы жасалатын лексика-семантикалық ктегория ретінде, кумулятивтік қызметі негізінде саналған материалдық өндіріс пен мәдени туындылардың атаулары», - деп ой түйіндейді.

Х.Досмұхамедұлы: «Қазақтың барша тұрмыс-тіршілігі мен өмірлік жағдайын оның халық әдебиеті бойынша зерттеп шығуға болар еді... Киіз үйді, оның бау-шуын, барша жиһаз мүлкін бүге-шігесіне дейін қалдырмай асқақтата, мадақтай отырып, халық поэзиясы жертөле мен тамдарға жиренішті сипаттама береді. Қазақтың ұлттық киімі (тұмақ, шекпен, күпі, бөрік т.б.), қыздар тағатын алтын-күміс, сырға-шолпы, теңге, бес қару мен ертұрман т.с.с. да халық әдебиетінде жырланады. Төрт түлік мал мен Қазақстанның және онымен шектесетін ел-жұрттың барлық жануарлар дүниесі халық әдебиетінде ерекше орын алады». Расында да, «тіл – тілдің сөздік құрамы әр халықтың өз тарихының, өз тұрмысының, өз мәдениетінің, оның дүниелік (материалдық) және рухани қазынасының айнасы сияқты болып есептеледі. Өйткені өмірдің сала-саласындағы құбылыстардың бәрі де тілдің сөздігіне іздерін тастап, оған тиісті сөздерді куә етіп, дақ қалдырып отырады» [7, 158-159 б.]. Әрбір этнос және де әрбір этникос сияқты өзінің мәдениетінің бірлігімен ерекшеленеді. Көптеген қызметінің ішінен бізді тек қана этникалығы қызықтырады. Негізгі этниканы тасудың маңызы, этникалық мәдениеттің қабатымен, жалпы сана-сезім, тұрмыстық тіл және дәстүрлі-тұрмыстық мәдениетпен өлшенеді. Осыдан да заттық аймақтық этнографияға сондай немесе басқа да этниканың әртүрлігімен ерекшеленген этнос компоненті жатады. Халықтың ерте кездегі әдет-ғұрып, тұрмысы жайындағы этнографиялық ұғымдардың атаулары (сөздер мен сөз тіркестері) тарихи сөздіктер мен тарихи шығармаларда сақталып, олар жайында мағлұмат береді. Этнографтар халықтың замандар бойындағы тұрмыс-салт, әдет-ғұрпына байланысты жайлар мен халық жасаған материалды байлық, рухани мәдениетке қатысты жайларды зерттегенде, тіл фактілеріне соқпай өте алмайды. Өйткені тіл – солардың бәрін ұзақ замандардың бойында ұрпақтан ұрпаққа жеткізген және сақтап қалған құралдардың бірі. Көне мәдениет ішіндегі заттық мәдениет лексикасы таптық жағынан неше алуан болып келеді. Мәселен, ат әбзелдері, шаруашылық – құрал жабдықтар, ұлттық киімдер, тұрақ жайы – баспана түрлері, туыстық – жақын жекжат, азық-түлік, зергерлік бұйымдар, қару-жарақтар т.б.

Қоғамдағы материалдық құндылықтардың бірі болып саналатын киім-кешек түрлері ұлттық мәдениеттің жарқын көрінісі екендігін мына деректерден көруге болады: көне дүние ұғымдар адамның басы аспан әлемімен байланыстырылып, басқа киетін бас киімдер де қастерленіп, түрлі әлеуметтік, таптық, рулық т.б. жоғары дәрежелік айыру белгілерден басқа, бас киімге тағатын дәстүр қалыптасты. Көне космогониялық түсініктер бойынша адам басының аспан әлемімен байланысын білдіретін дәреже белгісі ретінде қолданылатын зат – аспанды мекен ететін құстың қанаты, қауырсыны, өте ерте заманнан бері көшпелі халықтарда өте жоғары дәрежелі үстем тап өкілдері – хандар, патшалар, қолбасшылар, әскербасылар бас киімдеріне, құс қауырсындарын таққан. Ғасырлар бойы жер бетінде тіршілік етіп келе жатқан қай халықтың болмасын күнделікті тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрін, кәсібін ұлттық сана мен талғам негізінде қалыптасқан мәдениетін бейнелейтін өзіне тән материалдық дүниесі (еңбек-құралдары, ыдыс-аяқ, киім-кешек т.б.) болатыны белгілі [8, 56 б.].

Этностың өткен жолы тілдің этномәдени қорында сақтаулы. Сондықтан да, қазақ халқы туғанда «ит көйлектен» бастап, өлгенде «ақыретке» дейін денесін киім-кешекпен қымтап, адам өмірі үшін аса маңызды киімнің жасалуына үлкен мән берген. Оны қажетіне тұтына білуінде этностың талғамы мен танымы өте жоғары болған. Ата-дәстүріне құрметпен қараған, өзінің тұрмыс деңгейі мен ұлттық ерекшелігіне, әдет-ғұрпы мен ұстанған мұраттарына сай ұлттық киімнің халқымыздың мәдени-тарихи өмірінде айырықша орын алатын «Ақ Жайық» трилогиясындағы бірнеше киім-кешек атауларына тоқталып өтсем:

Шекпен. *«Қоста қарт жылқышы Қарымсақтың әйелі болу керек, бірақ әлі күнге көзге түскен жоқ. Ол қайда кетті екен?» деп ойлады, ерді басқа жастық ете, жонаны төсеп, бөстекті оның үстіне жайып, жатар орында ыңғайлап болып, шекпенін шешіп төсектің үстіне қойды.* Жүннен тоқылған яки тыстық матадан сырып тігілген сырт киім. Шекпен тек қана түйе жүнінен тоқылады. Шидем шекпен тайлақтың жүнінен тоқылады. С.Мұқанов: жаздың сыртқы киімі, түйенің иә қойдың жүнінен тоқылатын шекпен, түйе жүнінен тоқылған шекпен дәулетті адамдардың қолына түскен. Шамасы келмеген кедейлер шекпенді қойдың жүнінен жасайды дейді. Шекпен сөзінің орнына жамылшын сөзі де қолданылған [9, 483 б.].

Бешпент. *Жүніс мәсісінің қонышын тартып, қыртысын жазды да, желбегей жамалған сары нәнке бешпентінің омырауын қаусыра түсті* [6, 195 б.]. Жеңілдеу тігілген астарлы шапан. Ә.Нұрмағанбетов: пәшм – жүн, жабағы, ал пәшминә - жүннен жасалған (тоқылған) мата және осыдан жасалған киімдер деген мағыналарды қолданады. Осы тұлғалы сөз парсылардан арабтарға өткен болса керек, араб тілінде: бишт – плащ іспеттес киім мағынасын береді. Парсы тіліндегі «пәшминә» тұлғасы түрік тілдерінде, оның ішінде қазақ тіліне ауысқан соң «бешпент» қалыбына дейін өзгеруі өте заңды құбылыс. Сөйтіп, «бешпент» сөзінің төркіні парсы тілі, бұл тілдегі оның алғашқы мағынасы «жүн» дегенді ұғындырған екен. Е.Жанпейісов бешпенттің: қытайы жібек бешпет, тік иық ноғай бешпет, мауыты бешпет түрлерін атап көрсетеді. М.Қашқари ішмек қозы терісінен тігілген бешпент – деген түрін айтады. Жиналған деректерге қарағанда, шапан-мақта, қойдың жүнінен т.б. жасала береді. Ал шекпен тек қана түйенің жүнінен тоқылады. Екеуінің бір-бірінен айырмашылығы осы [3.180 б.].

Шапан. - *Кешіріңіз, учитель. Қателік бізден, жапулық сізден. Ат-шапан мойында, - деп басын иді* [6, 247 б.]. Ертеде ерлердің, әйелдер мен балалардың да күнделікті, киіп жүруге ыңғайлы да ықшамды киімі болған. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «астарына жүн не мата салып, сырып тігілген немесе астарсыз асалған сырт киім» - деп берілген. Бұрын байлар мен билер жағасына құндыз ұстатып әшекейленген қамқадан тігілген қаптал шапан киген. Ертеден қалыптасқан салт-дәстүрлерімізде «сыйлы» қонаққа, яғни құрметті кісіге, құдаларға «шапан жабу» күні бүгінге дейін ұмытылмай сақталып келеді.

Кебіс. *Ол кебісін шешіп, төрге жетіп үлгергенше ізімен Ұзын Ұәли де есіктен бүгіле кіріп ошақ орнына жетер-жетпес шамада бір тізерлеп отыра кетті* [6, 165 б.]. Мәсінің сыртынан киюге арналып, былғарыдан тігілген галош тәрізді қонышсыз аяқ киім. Ә.Нұрмағанбетов кебіс сөзінің мағынасын парсы тіліндегі: «кәф»- аяқтың «табандық киім» деп дәлелдейді. Біздің ойымызша, кебістің түбірі түркілік кеп сөзі болуы да мүмкін. Сондықтан профессор Р. Сыздықтың «кеп түбірінен жасалған кебенек» сөзі киім дегенді білдіреді дегендегі дәлелі көне түркі тілінде кеп «қалып» қазіргі қырғыз тілінде кеп сөзінің бір мағынасы – «қалып, киім, маска» деген пікіріне сүйене отырып, кебіс сөзінің түбірі кеп болуы да ықтимал деп топшылаймыз.

Бөрік. *Үйден булығып, терлеп шыққан бойы ол орамалмен мойынын, мандайын сүртіп, қара бөркін басынан алып бетін біраз желпіді де, сөйлесіп тұрғандардың жанына келді. Бөркін алып, шаңсыз көк құйқа басының терісін кептірді* [6, 175 б.]. Елтіріден, аң терісінен істеліп, матамен тысталған құлақсыз бас киім. Көрнекті түркітанушы ғалым Н.К. Дмитриев бөріктің аң терісінен жасалуыны байланысты бұл атаудың уәжін бөрімен байланыстырады. Э.В. Севортян өз сөздігінде бөрік атауының түркі тілінің диалектісінде нақты бас киім мағынасын емес, «басты жабатын, не басқа байлайтын матаны» т.б. білдіретінін көрсетеді. Қазақ халқы бөрікті тек киім ретінде емес, этникалық құндылық ретінде жоғары бағалаған. Қазақ ғұрпында бас киім көріктілік пен сәнділікті, баршылықты білдіретін қасиетті киім саналған. Бас киімге қатысты Кавказ халқында мынадай дана сөз бар: «Шапку носят не для тепла, а для чести». Жұрт бөрікті тек ерлердің бас киімі деп қараған. Сонымен қатар ертеде *бөрікті* қолы жеткен дәулетті адамдардың ғана қыздары киген.

Сәукеле. *Жібекше бастап, сәукеле киіп көп бұйдасын бір қырдан екінші қырға дейін жетектегенде қоныс қараған ақсақал да көрінеді* [6, 293 б.]. Қазақ әйелдері бас киімнің ішінде ең көріктісі де, ең ежелгілерінің бірі, көп әшекейлі қымбат бағалы қалыңдық киімінің салтанаттысы болып табылады. Сәукеленің өн бойына зергерлік әшекейлер мен асыл тастар қадағанда, тіл-көзден сақтау үшін, ол өте биік бас киім – қыз мәртебесін асқақтатып, қазақтардың дүниетанымының жоғары екенін танытқан. Сәукелені өте шебер әйелдер ғана тіккен, оның жасауындағы эстетикалық, этникалық ерекшелікке аса мән берілген. Мұндай бағалы сәукелені байлар мен ауқатты адамдардың ғана қыздары киген. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «сәукеле – бұрынғы кездегі дәстүр бойынша қазақ қыздарының ұзатыларда киетін сәнді бас киімі» - деп берілген. Демек, «сәукеле тек бас киім ғана емес, ол қазақ халқының байлығы мен сән салтанатының мәдениеті мен өнерінің озық үлгісі, өнер туындысы ретінде бағаланатын өте қымбат

этнографиялық мүлік. Сонымен бірге ол қазақтың қыздарына деген өз көзқарасының да белгісі. Ырым бойынша оны айырбастауға немесе әзірше біреуге кие тұруға болмайды. Салтымызда бас киімді ауыстырып кисе, «басынан бағы таяды» деп есептеген.

Көйлек. *Оның жыртық, ескі бөз көйлегінің астынан шаң-тапыраққа былғанған сәби денесі тұтас көрініп тұр* [6, 173 б.]. Рубашка, рубаха. Бұл сөз барлық көне түркі тілінде фонетикалық өзгерістерімен кездеседі: қыр. көйнек, түркім., әзір., ұйғыр. көйнәк. Б.Орузбаев ұйғыр тіліндегі көнәк формасына көңіл аударады да көн түбірінің орнына **көң**-ді қалап алады. Е.Жанпейісов көнек түйенің терісінен жасалған (ыдыс) түбірі бізше көн тері, шеберлердің жасағаны, - дейді. Расында да «көн», «тері» - деген ұғымның орнына жүрген. Осы орайда М.Қашқаридың әмшән иленген тері, қозы терісі – деген сөзінің де қатысы бар. «Көннің» арғы тегі көкпен байланысты болуы мүмкін. Р.Шойбеков: Өзбек әйелдері қаралы күні көк киеді екен, осы ғұрыпты «көк киді» - деп атаған. Б.Қарағұлов көйлек сөзінің кейбір түркі тілінде көйнек, көннек түрінде айтылатыны белгілі. Ә.Қайдар: көйлек сөзі көй түбірінен және –лек аффиксінен тұрады, - дейді. Қазақ тілінің оңтүстік говорларында көнек лексемасы «көйлек, жейде» - деп аталуының да маңызы бар. Тойда құда, күйеуге табақ тартып, көйлек-көншек сияқты кәделерін алу. Қазақ тілін туыстас және түркі тілдерімен салыстыру нәтижесінде көне түркілер әр түрлі жабу мен жабындыны оның ішінде көйлек-көншектерді мал мен аңның терілерінен жасалған.

Шалбар. *Маған Ехластың көне көйлегін, мына шалбарын (ол бұтындағы шалбарға қарап қойды) берді* [6, 258 б.]. В.Радлов: чалбар игрения лошадь; Чалбар – шаровары деген де мағынасын көрсетеді. Радлов шалбар сөзін атқа қатысты қолданады. Негізінде атқа мінетін шалбарды түріктер ойлап тапқан. Чалба-шамандардың сылдырмаққа таққан лентасы.

Тон. - *Алдымен тонымды айналдырып киемін. Сонсоң құрықтың бауына қара қаңбақ байлаймын да, ысқыра шауып, қалаған жағыма бір үркітіп алып сілтей беремін* [6, 337 б.]. Р.Шойбеков: Ертеде қазақы тондардың бас тон, қызыл тон, көк тон, қара тон, ақ тон деп аталатын түрлері болды. Бас тон деп жоғары сортты жібекпен тысталған, қалыңдық жасауына енетін аса қымбат тонды айтқан. Тонды белгілі бір түске бояудың салттық мәні болды. Мәселен тонның көк кездемемен тысталып, өңіріне етегіне құндыз ұстаған түрі көк тон аталады. Мұндай тонды ертеде тек белгілі, атақты кісілер ғана киген дейді. Б.Сағындықов: Слова тон в казахском языке означает один вид одежды – «шуба», а в памятниках – одежды вообще. В казахском языке значение (по сравнению с памятниками) этого слова несколько сужено. Бұл «АЖ»-да жалпы киім атаулы мағынасын білдіреді. Ж.Манкеева: Мысалы, ескі түркі тілінің деректеріне сүйенсек, «киім» мағынасында, бұрын тон сөзі кеңінен қолданылған: «жаңа таза киім немесе ескі киім». Тон көнеден «киім, көйлек, халат» деген мағынаны берген. Соңғы мағынасы көне түркі ескерткіштерінде киім, халат, тон XII-XIII ғасырларды пайда болған. Көне ұйғыр тілінде іш тон «іш киім, штан» қолданылған. Тон деп сыртқы киім және ішкі киімді де атаған. Тон түркі тілдерінде киім, көйлек, сыртқы киім, халат, кең киім, кафтан, пальто, шаманның арнайы киімі, плащ, шинель, қой терісінен тігілген тон, әйелдердің жазғы киімі, тұлып. Тонау сөзінің: әшекейлеу, киіндіру, жалаңаштау, шешу, шешіндіру, аяғына дейін шешіндіру, терісін сыпыру, алу, тонау, тартып алу, талқандау т.б. мағынасы бар. Киім деген мағынасы кейін

пайда болған. Л.Будагов тонның – киім, көйлек, кафтан, тон, жүн, тері, аттың қылы, штан, етік, аяқ киім, әйелдердің жазғы киімі т.б. жиырмаға жуық мағынасы барлығын көрсетеді. С.Е.Малов: Тон – сыртқы киім, кафтан, тон, ақ тон, арығ тон, ашып кеткен сүт, тоңу деген мағынасын көрсетеді. *Алғалы* – түлкінің терісінен тіккен тон. *Себіл тон* – оқ өтпейтін тон. Х.Есенжанов тон сөзін сыртқы киім ретінде қолданған.

Ішік. *Үстінде шолақ тиін ішік, басында өзінің кішкене қара бөркі, түстен кейінгі салқын мен жіті жүріс сопақша келген келісті беттің қанын сыртқа тептіріпті, күндізгі құқыл өңнің ізі де жоқ* [6, 58 б.]. М.Қашқари киім-кешекке байланысты: «киім-кешек» мәнін білдіретін – кедзут сөзі де «киді» мағынасындағы кезді (кедзті) етістігіне «т» дыбысы қосылып жасалған, – дейді. М.Қашқари ішүк бұлғын, сусар және сол киілетін тері байбақ терісінен тігілген жылы киім, - десе, В.В. Радлов ічік зимняя кофта, шубка женщины. Ішік – шуба съ верхомъ. Орыс тіліндегі кафтан деген сөзді кейбір зерттеушілер түркі тіліндегі (кап+тон) сөздердің қосындысы деп қарастырады. М.Рясенен осы ізбен штаны (іш+тон) құралған деп есептейді. Тон-іш: іш (ышқыр, іш киім, іш көйлек) сөздері туынды мағынасы құрамында кездеседі. Ал, -ік жұрнақ (қаз, бесік, есік; мон. хэсэг, бүлэг) құрамындағы қосымша. Ыштан, ышқыр, ішік түбірлес сөздер. Хамза Есенжанов ішік лексемасын киім мағынасында қолданған. *Ендеше, қазір ана күніңді айналдырып ки.* Күпі-куфайка сөзінің шығу тегі бір соңғысы фонетикалық өзгерісті басынан кешірген.Тон (домпак) – күпі (күптей) мағыналас болуы мүмкін. Іштон – тонбал – дамбал – шалбал (шалбар).

Белбеу. *Шаруа күйбеңдеп, беліндегі белбеуін жөндеп қойды* [6, 233 б.]. Құрсак екінші мағынасы бел (бала белде, қатын жолда). Құршағ – лексемасы «бау, белбеу» мағынасында қолданылады. Хұршағ – белбеу, бау, орамал; құршаді – байлады, ол кафтан құршаді – ол тон бауын байлады. Құр сөзі бірталай түркі тілдерінде (түрік, тува) бау, белбеу мағынасында қолданылады. Ышқыр (іш+құр) сөзінің де қатысы бар. Құр (бау, белбеу) деген мағынада. Құр; белбеу; қамар белбеу; іш құр-ішбау; ыштан бауы. Басқұр сөзінің де құрамындағы құр белбеу деген мағынаны береді. Басқұр – длинный красочный пояс, узорная лента, которой стягивают решетки кереге. Белдікь – превосходство, твою знаменитость. Белбеу ерекше биліктің белгісі ьолса керек. Құрсак//белбеу//басқұр о баста синоним параллелдер болған сияқты.

Шәлі. *Үлкен, қалың шәліні иығына іле сала Марфа үрейлі, белгісіз қорқыныштың құшағында жан ұшырғандай болып учитель Василий Быковтікіне қарай жүгірді* [6, 55 б.]. *Шару әйелдер тартатын жылы, қоңыр шәлісін шешіп, құлағын босатып аша түсті* [6, 64 б.]. М.Қашқарида: сувлык – сулык, орамал. Ш.Сарыбаев бұл сөз туралы например слова шали (грубая шерстяная материя, камлот) в казахских говорах освоено в двух формах шәлі и салы «шаль». Первая из которых закрепились в языке в качестве литературной норме дейді. Шаль (от персид. Шал.) – большой (головной, наплечный) плоток, вязанный или тканый. Шәлі – түбіт яғни жүн жіптен тоқылған, матадан жасалған үлкен орамал. Ғ.Алиев (плоток) шал, баш, шалы (шаль). В.В. Радлов: шаль – сал орамал, шекпан сал шерстяная шаль, мақта салынған шаль – бумажная шаль деп анықтайды. Х.Есенжанов шәлі вариантын қолданған. Ш.Сарыбаев шәлі формасының әдеби норма болып қалыптасқанын айтады. Біздің ойымызша сәлі-шәлі-шаль бір түбірден сал

(басқа сал) етістік формасынан қалыптасқан сияқты. Орамал (орау), бүркеншік (бүркену), күндік (күннен қорғану үшін), түндік (жатарда тартатын орамал), жаулық жау-жап түбір тұлғасынан туындаған сияқты.

Етік – былғары көн сияқты, материалдардан тігілген, қонышы ұзын, ұлтаны қалың, өкшелі аяқ киім. Түрлері: *нәлді етік, бастама етік, көн етік, табан етік* т.б. Бірақ ол қорғанып та үлгіре алмады, Қаржауовтың шықшыттан тиген жұдырығы оны сыртқы есікке қарай ауытқытып жіберді де, ол шегіне беріп, нәлді етікпен бөкседен тепкені мұрттай ұшырды [6, 241 б.].

Малақай – құлақшынның бір түрі. Көбінесе Батыс Қазақстанда қолданылады. *Биік шаңырақтан қан-көбелектеп жерге құлаған үлкен үкілі малақай сияқты* [6, 292 б.].

Жұрын / қырпу – тон немесе бөріктің айналасына теріден қаптап істелген жиек;

Бұл сүйкімді өсімдіктер тонның етегіне ұстаған жұрын сияқты жағалықты көмкеріп қойғандай көрінеді [6, 13 б.].

Мәндәла – бешпет, күрте тігетін қалың мата;

Ол сөзін тауыспай, терін сүртіп отырған үлкен шұбар шыт орамалына шапшаң орай салды да, ескі мәндәла бешпетінің қалтасына тықты [6, 168 б.].

Шидем шекпен – жұқа жұпыны ғана жүні бар сырт киім;

Ол жапырайған шым қыстауларды мекендеген, жыртық жеңді шидем шекпен киген жандардың тепсініп, теңдік сұрайтынына шәк келтірген жоқ [6, 159 б.].

Намбок пешпет – дырап матасынан тігілген сырт киім;

Тасқа басқан үлкен сары қағазды жұмарлай бүктеп көнетоз намбок пешпетінің қалтасына тыға салды [6, 170 б.].

Бұрансұз – француз шыты, өзгеріліп бұрансұз делініп кеткен;

- *Қызыл үйде онан да қатты дейді ат пен жігіт жинау,- деп Сүлеймен қызыл бұрансұз омалымен маңдайының терін сүрткіледі* [6, 198 б.].

Сица – ситец; *Керілген кеудені бүрген ақ сица көйлек қынап тұр* [6, 237 б.].

Бөстек – жабағыдан жасалған бір кісілік көрпеше; *Қазір жә бөстек, жә ескі күпінің бір өңірі екені белгісіз жабағысы ұйысқан сілімтір үстінде жатыр* [6, 303 б.].

Көкмауыт шалбар – жұқа, жылтыр матадан тігілген шалбар, ақ кенеп көйлек- нилон матасынан жасалған көйлек; *Жұқа көкмауыт шалбар киіп, балақтарын қисық табан қара етіктің қонышына салған, үстінде белін қынап тұратын ақ кенеп көйлегі, жалаң бас, ұзын бойлы, үлкен көзді кәдімгі сұлу Хакім* [6, 303 б.].

Байпақ – жүннен бастырылған аяқ киім түрі; *Басында жұрынды бөркі, аяғында байпақты қазақ етігі бар* [6, 123 б.].

Бәтеңке – қонышы тобыққа дейін жететін былғары аяқ киім; *Мукарама қара бәтеңкеге жабысқан томардай қызыл балшықты аяғын сілкіп жеңілдетті.*

Сақтиян, сапиян – қымбат, төзімді мата түрі; *Өзі де атқа салт мінуге дап-дайын, аяғына қызыл сақтиян етік, үстіне қамзол, басына татар бөрік киген.*

Сүрік – ең жоғары сортты, жұмсақ былғары; *Ол басындағы қара сүрікпен тыстаған бұйра құлақшын бөріктің жоғарғы түрліп тұрған жалпақ етегін төмен түсіріп жіберді.*

Ұлтарак – аяқ киімнің ішінен табанға салатын зат; *Менің саптама қазақша етізімнің ұлтарасының астына тыққан жазылған қағаздарым бар еді.*

Қорыта келгенде, Х.Есенжанов романындағы киім атауларын: бас киім, сырт киім, іш киім, аяқ киім деп бөлуге болады. Олар өз ішінде: бөрік, такия, малақай, сәукеле, орамал, шәлі, жаулық, шапан, шекпен, пешпент, тон, ішік, дамбал, шалбар, көйлек, кебіс т.б. болып бөлінеді. Бұлардың ішінде түбірлес сөздер, мағынасы жағынан жақын лексикалар кездеседі. Орамал мен жаулық (ор-өр), шәлі, шалбар (сал), кебіс, қалпақ (кеп), бөрік-бөрі, такия-төбе т.б. көрсетуге болады. Сөздерді салыстыру арқылы түбір тұлғаның о бастағы мағынасын, не керісінше мағынасы арқылы түбірін табуға болады.

Х.Есенжанов стилінің ең сүбелі жағы – оның ойлы да оюлы тілінің зергер қолынан шыққан бұйымдай көркем нақышы. Хамза ағамыздың «Ақ Жайық» романында заңғар жазушының ұлттық эстетика мен дүниетаным кеңістігін әйгілейтін өзіне ғана тән небір көркем сөздің маржандарын табуға болады. Роман тілінде этномәдени атаулардан басқа кітәби тілдік деректер мен диалектизмдерден, мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер де кездеседі.

Роман бойынан әсіресе заттық мәдени лексиканы көптеп кездестіруге болады. Автор ерекше тілдік құралдарды көптеп қолданып жеке стилін жасаған. Қаламгер жазып отырған мәселенің түп-тамырын ашып көрсету үшін әр сөздің астарына, реңіне, мән-мағынасына үлкен мән берген. Сөз қолданысында ерекше байқалатын айшықтар, өрнектер, аз сөзбен көп ұғым беретін дөп айтылған тіркестер, әдеби тілімізді байытуға үлкен үлес қосты деп айта аламыз. Барлық тілдік құралдарды қолдана отырып жазушы өзінің көтерген мәселесін межесіне жете талдаған. Оқырман трилогияны оқи отырып үлкен әсер алады. Көркемдегіш құралдармен қатар этномәдени атаулар романдан үйлесім тауып, қиысқан. Бұл роман қазақ әдебиетіндегі шоқтығы биік шығармалардың қатарында.

Әдебиеттер:

1. Қайдаров Ә. *Этнолингвистика* // Білім және еңбек. – 1985. – №10. – Б. 15-16.
2. Толстой Н.И. *Некоторые проблемы и перспективы славянской и общей этнолингвистики* // Изв. АНССР. Серия литературы и языка. – 1982. – №5. – С. 397-409.
3. Белгер Г. *Ғибратты ғұмыр (Жазушы Х.Есенжанов туралы)* // Парасат. – 1998. №8. – Б. 18.
4. *Краткий философский словарь.* – М., 1940. – 1030 с.
5. Төкенов Ө. С. *Мәдениеттану негіздері.* – Алматы, 2001. – 63 б.
6. Есенжанов Х. *«Ақ Жайық» трилогиясы. I, II, III том.* – Алматы: Жазушы баспасы, 1988.
7. Тұрышев А.Қ. *Мәшіһүр Жүсіп шығармалары лексикасының этномәдени негіздері* / Дис. ... филол. ғыл. докт. – Алматы, 2005. – 243 б.
8. Алмауытова Ә.Б. *Қазақ тіліндегі киім атауларының этнолингвистикалық табиғаты* / Автореф. ... фил. ғыл. канд. – Алматы, 2005. – 56 б.
9. Қашқари М. *Түрік сөздігі.* – Алматы: «Хант» баспасы, 1997. – 483 б.